

**Жалпы білім беретін «Қ.Смағұлов атындағы орта мектеп» КММ-нің  
Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы**

Өткізілген күні 12.05.2021 ж.  
(жылы, күні, айы)

- Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесі мүшелері, мектеп әкімшілігі,  
кеңес хатшысы
  - 1.Сағынғалиева Әсемгүл-Қамқоршылық кеңес төрағасы
  2. Мырзағалиева Мейрамгүл-кеңес төрағасының орынбасары
  - 3.Орынұлы Абай – қамқоршылық кеңес мүшесі
  - 4.Сұлтанов Ғалымжан- қамқоршылық кеңес мүшесі,  
(денсаулығына боайланысты қатыса алмады ).
  - 5.Паритов Мейрамбек - қамқоршылық кеңес мүшесі
  - 6.Ахмедиева Ақмарал - қамқоршылық кеңес мүшесі
  - 7.Кутумова Нұрсұлу - қамқоршылық кеңес мүшесі
  - 8.Жолдасова Әсем - қамқоршылық кеңес мүшесі
  - 9.Қыстаубаева Мөлдір - қамқоршылық кеңес мүшесі

**Күн тәртібі:**

1. 2021- 2022 оқу жылында атқарылған іс шараларды қорытындылау.

**Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңесі төрағасы Ә.Сағынғалиева Қамқоршылық кеңестің 2020-2021 жылғы қызметінің негізгі мақсаты жарғылық функцияларын жүзеге асыру кезінде мектепке жәрдемдесу, оқу-материалдық базаны нығайтуға, денсаулығын қорғауға, білім беру мекемесінде білім алушылардың қабілеттерін дамытуға, оқушылардың тәрбиесі, оқуы, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының, жекелеген азаматтардың күш-жігерін біріктіру болып табылады.

Қамқоршылық кеңес оқу жылының басында білім беру мекемесінің мүддесі үшін және жұмыс бағыттарына сәйкес өз қызметінің жоспарын әзірледі.

Есепті кезең ішінде мектептің материалдық-техникалық базасын дамытуға, оның үй-жайлары мен аумағын абаттандыруға ықпал етті.

Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысында кеңестің оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді.

**Сөйледі:** Мырзағалиева Мейрамгүл : Қамқоршылық кеңесінің мүшелері ыстық тамақтың сапасын бақылауды жүзеге асырумен айналысты, бұқаралық іс-шараларды өткізуге және оларға оқушылардың ата-аналарының онлайн

форматта қатысуына ықпал етті. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мұқтаж балаларға жалпыға міндетті оқу қорынан материалдық көмек көрсету жөніндегі комиссияның құрамына кірді.

Желтоқсанда мектептің көп балалы және аз қамтылған отбасыларының оқушылары жаппай оқыту қорынан материалдық көмек алуға мұқтаждар тізіміне енгізілді.

### Қаулы:

2020-2021 оқу жылы бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.

Жиналыс төрағасы:



Ә.Сағынғалиева

Жиналыс хатшысы:



Г.Муканбедиева